

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭНЕРГЕТИКА
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЭНЕРГЕТИКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ. 19, «А» блогы
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43
E-mail: kence@energo.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра 19, блок «А»
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43
E-mail: kence@energo.gov.kz

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Д. Е. Исабековке
Қ. Р. Балабиевке
Е. Т. Абдиевке

2023 жылғы 31 мамырдағы
№ ДС-202 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – *Министрлік*) Шымкент қаласы Қайнарбұлақ тұрғын алабын газдандыру туралы қойылған сұрағыңызға келесіні хабарлайды.

2023 жылға бекітілген республикалық бюджетте Министрліктің 003 «Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде Қайнарбұлақ тұрғын алабын газдандыруға Шымкент қаласы әкімдігіне 1,9 млрд. теңге қарастырылған, оның ішінде:

-«Шымкент қаласы, Қайнарбұлақ тұрғын алабының газ жүйелерінің құрылысы» (1-кезең)» жалпы құны 5 524 736 мың теңге жобасына - 1 104 946 мың теңге;

-«Шымкент қаласы, Қайнарбұлақ тұрғын алабының газ жүйелерінің құрылысы» (2-кезең)» жалпы құны 5 232 281 мың теңге жобасына - 816 093 мың теңге.

Бүгінгі таңда «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының өткізу қабілетінің және маусымдық ең жоғары тұтыну кезеңінде Қазақстан Республикасының бірыңғай газ тасымалдау жүйесінің тұрақты жұмысының бұзылу қаупі бар.

Анықтама: «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ еліміздің оңтүстік және орталық өңірлерінің тұтынушыларын батыс өңірлерінің газ жеткізушілерімен байланыстыратын жалғыз газ құбыры болып табылады.

2022-2023 жж. жылыту маусымында жобалық қуаты 1 720 мың м³/сағ болатын «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ жүктемесі 1 820 мың м³/сағ құрады немесе 106%.

Бүгінгі таңда аталған газ құбырының өткізу қабілетін кеңейту мақсатында «QazaqGaz» ҰК» АҚ «Бейнеу – Бозой – Шымкент» МГҚ 2-ші желісін жобалау бойынша жұмыстарды бастады, оның аяқталу мерзімі – а.ж. соңына дейін.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып және газдандыруға арналған бюджет қаражатын тиімді игеру қажеттігін назарға ала отырып, елдің оңтүстік және орталық өңірлерін газдандыру жобаларын «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ 2-ші тізбегін салумен және пайдалануға беру кестесімен 2025-2026 жылдарға қарай үндестіру қажет.

Осыған байланысты, Қайнарбұлақ тұрғын алабын газдандыруды қаржыландыруды 2023-2025 жылдары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы қажет.

Анықтама: Шымкент қаласының әкімдігімен 2024-2026 жылдарға 6,1 млрд. теңгеге Қайнарбұлақ т/а газдандыруға бюджеттік өтінім ұсынылды.

2023 жылға қосымша қаржыландыру мәселесі ағымдағы жылы жүзеге асырылып жатқан жобалар бойынша қаражаттың игерілуіне қарай және Министрліктің 003 бюджеттік бағдарламасы шеңберінде қосымша қаражат босатылған жағдайда қаралатын болады.

Қосымша: 1 парақта.

Министр

А. Сәтқалиев

✍ Төкеш Айгерім
☎ (7172) 78-69-72

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭНЕРГЕТИКА
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЭНЕРГЕТИКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ. 19, «А» блогы
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43
E-mail: kence@energo.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра 19, блок «А»
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43
E-mail: kence@energo.gov.kz

№ _____

Депутатам
Мажиліса Парламент
Республики Казахстан
Д.Е. Исабекову
К.Р. Балабиеву
Е.Т. Абдиеву

На письмо от 31 мая 2023 года
№ ДС-202

Уважаемые депутаты!

Министерство энергетики Республики Казахстан (далее – Министерство), рассмотрев Ваш вопрос касательно газификации жилого массива Кайнарбулак в городе Шымкент, сообщает следующее.

В 2023 году по бюджетной программе 003 «Целевые трансферты на развитие областными бюджетами, бюджетами городов республиканского значения, столицы на развитие газотранспортной системы» Министерства акимату города Шымкент на газификацию жилого массива Кайнарбулак предусмотрено 1,9 млрд. тенге, в том числе:

- «Строительство систем газоснабжения в жилом массиве Кайнарбулак, города Шымкент» (1-этап)» с общей стоимостью 5 524 736 тыс. тенге – 1 104 946 тыс. тенге (в 2022 году из РБ – 500 млн. тенге);

- «Строительство систем газоснабжения в жилом массиве Кайнарбулак, города Шымкент» (2-этап)» с общей стоимостью 5 232 281 тыс. тенге – 816 093 тыс. тенге.

На сегодняшний день в связи с ограниченностью пропускной способности магистрального газопровода «Бейнеу-Бозой-Шымкент» в периоды сезонного пикового потребления газа **имеются риски нарушения стабильной работы единой газотранспортной системы Республики Казахстан.**

Справочно: МГ «Бейнеу-Бозой-Шымкент» является единственным газопроводом, соединяющий поставщиков газа западных регионов с потребителями южных и центральных регионов страны.

В отопительном сезоне 2022-2023 гг. загруженность магистрального газопровода «Бейнеу-Бозой-Шымкент» составила 1 820 тыс. м³/час при проектной 1 720 тыс. м³/час или 106%.

На сегодняшний день, в целях расширения пропускной способности данного газопровода АО «НК «QazaqGaz» начаты работы по проектированию 2-ой нитки МГ «Бейнеу-Бозой-Шымкент» со сроком завершения до конца т.г.

Учитывая вышеизложенное и принимая во внимание необходимость эффективного освоения бюджетных средства на газификацию, проекты газификации южных и центральных регионов страны необходимо синхронизировать с графиком строительства 2-ой нитки МГ «Бейнеу-Бозой-Шымкент» и вводом его в эксплуатацию к 2025-2026 годам.

В этой связи, финансирование газификации жилого массива Кайнарбулак необходимо продолжить поэтапно в 2023-2025 годах.

Справочно: Акиматом г.Шымкент на газификацию ж/м Кайнарбулак на 2024-2026 годы была подана бюджетная заявка на 6,1 млрд. тенге.

Вопрос дополнительного финансирования в 2023 году будет рассмотрен по мере освоения предусмотренных на текущий год средств по реализуемым проектам и дополнительного высвобождения в рамках 003 бюджетной программы Министерства.

Приложение: на 1 листе.

Министр

А. Саткалиев

✉ Төкеш Айгерім
☎ 8 (7172) 78-69-72
a.tokesh@energo.gov.kz